



201\_\_жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_года

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

№ исх: 17-62/1788 от: 14.07.2017

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
М.А. Айсинаға

2017 жылғы 15 маусымдағы  
№ДС-165 хатқа

### Құрметті Майра Арапқызы!

Инновациялық «жасыл тәжірибелерді» белсенді енгізу мақсатында бюджеттік саладағы мекемелерді ынталандыруға қатысты Сіздің сауалыңызды қарап мынаны хабарлаймыз.

Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру еліміздегі «жасыл экономиканы» дамыту негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Бүгінгі күні өңірлерде энергия тиімді технологияларды енгізудің, атап айтқанда, баламалы және жаңартылатын энергия көздері объектілерін пайдалану жөнінде сәтті үлгілері бар.

Сонымен қатар «жасыл тәжірибелерді» қоса алғанда, қазірдің өзінде инновацияларды енгізу қолданыстағы заңнама шеңберінде іске асырылуда.

Осылайша, ҚР Бюджет кодексінің 4-бабының 7-тармағында бюджетті жоспарлауда және орындауда тікелей және түпкі нәтиженің ең жақсы жетістігіне жету қажеттілігінен шығатын басқару шешімдерін қабылдауда әкімшінің дербестілігі көзделген.

Бұдан басқа, Бюджеттік кодекстің 102-1-бабының 3-тармағына сәйкес өңірлердің үнемдеу нәтижесінде алған қаражаты алып тасталмайды және өздігінен айқындалатын маңызды бағыттарға жіберілуі мүмкін.

Осылайша, қолданыстағы бюджеттік заңнама инновациялық «жасыл» технологияларды енгізу үшін бюджеттік қаражатты одан әрі қайта бөлуге және пайдалануға кедергі жасамайды.

Осыған байланысты, бюджеттік саясатқа құзыретті мемлекеттік органдарға жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп өңірлерде инновациялық «жасыл» технологияларды белсенді енгізу мақсатында Қазақстандағы «жасыл тәжірибеге» бейімделген қолда бар тәжірибені зерделеу тапсырмасы берілді.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**

**Б. Сағынтаев**